

«БЕКІТЕМІН»

Колледж директоры т.ғ.д., проф.

И.И.Жанұзақов

« _____ » _____ 2018 жыл

2018-2019 оқу жылына арналған Атырау аграрлы- техникалық колледжі бойынша тәрбие жұмысы жоспары

Тәрбиені дамыту проблемалары басты назарды талап етеді, себебі Қазақстанның ертеңгі күні біздің қоғамның құнды бағдарына, еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне, шығармашылық даму, өскелең ұрпақтың азамат болып қалыптасуына тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тәрбие жұмыстарын дамыту соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, білім беру басқармасы ұйымдарының білім беру мекемелерінің барлық түрлерінің ең басым бағыттарының бірі болып табылады.

Атырау аграрлы-техникалық колледжіндегі тәрбие жұмысының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Конституциясының негізін құрайтын ұстанымдары мен идеяларына және адам құқығының жалпылама декларациясына еліміздің Президентінің Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» Жолдауына, еліміздің Президентінің жыл сайынғы жолдап отырған Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсарту, өркендету мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудегі мемлекеттік бағдарламаларына, ҚР-ң үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім алушылар тәрбиесінің және мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамаларына, «Бизнестің жол картасы - 2020», «Жұмыспен қамту-2020», «Оқытудың дуальдық жүйесі», «Дипломмен ауылға» бағдарламаларына, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық актісі, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы, ҚР-ң Білім және ғылым министрлігінің тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы құжаттарына сүйенеді.

Тәрбие жұмысындағы кешенді бағдарламаны жақсарту және оны іске асыру тәрбие жұмысының тұжырымдамасының орындалуының негізгі басты шарасы болып табылады.

Кешенді бағдарлама орта кәсіптік білім беру жүйесінде тәрбиені ұйымдастыруды жетілдірудің бағыттарының мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, сонымен қатар орта кәсіптік оқу орындарында тәрбие тәжірибесінің дамуына байланысты бірінші кезектегі шара. Кешенді бағдарлама ведомстволық мәртебені иеленеді, оқу бөлімдері арасындағы бағдарламаны жасаудың негізі болып табылады.

2. Колледждегі тәрбие жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері

- Жеке тұлғаның еркін дамуы, студент жастарды адамгершілік пен патриоттыққа тәрбиелеу, Қазақстан Республикасы - өз Отанына құрмет;
- Студенттердің әлеуметтік қорғалуын жүзеге асыруына рұқсат ететін бағыттар мен шаралар кешенін анықтау;
- Тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда интеллектуалдық, ұйымдастыру-шылық-педагогикалық, кадрлық, экономикалық, әдістемелік және т.б. ресурстарды шоғырландыру;
- Жас қазақстандықтарды толеранттылық құндылықтар, келісімділік пен ұлтаралық қатынас мәдениеті негізінде тәрбиелеу;
- Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене тұлғасының гармониялық дамуы үшін жағдай жасайды;
- Салауатты өмір салты мен адамгершіліктің мықты негізін қалыптастыру;

- Қазақстанның көп ұлтты халқы мен қазақ халқының әдет-ғұрпын, салтын, тарихын оқып білу арқылы мәдениет пен интелектіні байыту;
- Жастардың қоршаған ортаға, қоғамға, табиғатқа оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу, әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау;
- Өмір бойы білімін арттыруына, кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі табысты көрсетуіне қажетті жағдай жасау;
- Қазақстан Республикасының саяси және экономикалық, қоғамдық, мәдени өміріне араласа алатын жоғары білікті мамандар қалыптастыру;
- Тәрбие мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру үдерісінде, сабақтан тыс уақытта және білім алушылардың бос уақытында жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы төмендегідей қағидалардан құралады:

- Ғылыми, кешенді әдістеме, үздіксіз және бірізді тәрбие жұмыстары;
- Жастардың еркіндігі мен құқығын сақтау, жастар тәрбиесіндегі жариялылық;
- Тәрбие мен білім алудың бірлігі;
- Барлық студент жастарды ұлтына, жынысына, жасына, әлеуметтік жігіне қарамай қамту;
- Жастардың өзіндік қызығушылықтары мен жеке еркіндігін және негізгі құқығын есепке алу;
- Студенттердің барынша әлеуметтік әлсіз бөлігін қорғау және қолдау (жетім, мүгедек және т.б.).

3. Тәрбие жұмысының басым бағыттары және тәрбие түрлері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Атырау облысы Білім беру басқармасының 2015 жылғы 17 тамыздағы «Білім беру ұйымдарының тәрбие үрдісін ұйымдастыру «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты № 229 бұйрығы негізінде Атырау аграрлы-техникалық колледжі тәрбие жұмысында келесі негізгі **бағыттарды** ұсынады:

1. «Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие»
2. «Рухани - адамгершілік тәрбие»
3. «Ұлттық тәрбие»
4. «Отбасы тәрбиесі»
5. «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие»
6. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі»
7. «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие»
8. «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты»

I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының иарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс. Қазіргі жағдайда тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәселе. Жастардың азаматтық патриоттық, құқықтық мәдениетінің әлеуметтік мәртебесін көтеру әрі азаматтық патриоттық, құқықтық тәрбие бойынша ғылыми негізделген саясат жүргізу; білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер және оқу тәрбие құрылымының өз ара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру.

№	Тәрбиелік шаралар мазмұны	Өткізілетін уақыты	Жауапты адамдар	Өткізілгені туралы белгі
1.	«Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституцияның 23 жылдығына, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 27 жылдығына» арналған «Рухани жаңғыру: бәсекеге қабілетті тұлға, елжанды ұрпақ» тақырыбындағы «Білім күні» салтанатты жиналысы	01.09.18	Жанұзақов И.И. Қабдолов Қ.Т. Лапиденова М.С. Искалиева А.С.	
2.	«Мен өз елімнің патриотымын» тақырыпты алғашқы тәрбие сағаты	01.09.18	Қабдолов Қ.Т. Искалиева А.С.	
3.	Білім күні аясында педагогикалық еңбектің жаңашылдарымен, жергілікті басқару орындарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру	01.09.18	Қабдолов Қ.Т. Лапиденова М.С. Искалиева А.С. Кенжебаев А.Б.	
4.	«Туған жерім-алтын бесігім» айдарымен өткізілетін облыстық, қалалық деңгейдегі мәдени-көпшілік шараларға қатынасу	жыл бойына	Әкімшілік Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
5.	«Астанаға 20 жыл» халықаралық танымалдық тақырыбында пікір сайыс	қазан	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
6.	Мемлекеттік рәміздерді білуге, Мемлекеттік Гимнді жатқа айтуға дағдыландыру	Үнемі	Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
7.	«Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасын насихаттау жұмыстарын жалғастыру	Үнемі	Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары Пән оқытушылары	
8.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма жеті жылдық мерекесіне арналған «Тұғырың биік болсын Қазақстан!» атты тәрбие сағаты	12.12.18	Әкімшілік, Кәсіподақ комитеті Топ кураторлары	
9.	«Ана тілі – ұлттың жаны, жүрек үні» тілдер апталығы (шығармашылық кештер, кездесулер, сайыстар)	қыркүйек	Қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәндері оқытушылары	
10.	Жастар бойында ғылыми көзқарасты қалыптастыру, оларды саяси саналылыққа, гуманизмге, патриоттыққа тәрбиелеу	Үнемі	Топ кураторлары «Жастар» комитеті Пән оқытушылары Ата-аналар кеңесі	
11.	1-мамыр Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні мерекесіне қатынасуы	01.05.19	Әкімшілік «Жастар» комитеті	
12.	«Ұлы Жеңіс» және Отан қорғаушылар күндеріне арналған «Ұмытылмас ерлік» тақырыпты тәрбие сағаты	06.05.19	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
13.	«Мәңгілік алауға» гүл дестелерін қою рәсіміне қатынасу (мұғалімдер, қызметкерлер және студенттер)	09.05.19	Әкімшілік Кәсіподақ комитеті «Жастар» комитеті	
14.	Атырау облыстық этномәдени орталықтарының өкілдерімен дөңгелек үстел ұйымдастыру	атаулы күндер	Әкімшілік Этномәдени орталықтар өкілдері	
15.	Жастарды әлеуметтік белсенділікке, өз халқының бірлігін қорғауға даярлау	үнемі	Топ кураторлары Пән оқытушылары	
	«Мәңгілік ел» Патриоттық Актісі		Топ кураторлары	

16.	бойынша семинарлар, конференциялар, тренингтер т.б. өткізу	үнемі	Ата-аналар кеңесі «Жастар» комитеті	
17.	Халықтық дәстүрлер негізінде студенттердің жан-жақтылығын жетілдіру	үнемі	Топ кураторлары Пән оқытушылары	
18.	«Ата-баба мұрасы – еліміздің даму тарихы» тақырыпты тәрбиелік кеш	қараша	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
19.	Облыстың тарихи жерлеріне, «Сарайшық» және т.б. тарихи мұражай, ескерткіштерге саяхат ұйымдастыру	қазан, қараша	Топ кураторлары «Жастар» комитеті Топ белсенділері	
20.	Студенттерді толеранттыққа, әр түрлі ұлттардың мәдениетін, дәстүрін, тілін, дінін сыйлауға тәрбиелеу	үнемі	Топ кураторлары Діни бірлестіктер өкілдері	
21.	«8-наурыз Халықаралық Әйелдер күніне арналған мерекелік шара	наурыз	Әкімшілік Кәсіподақ комитеті	
22.	«Наурыз – жыл басы» мерекесін ұйымдастыру	наурыз	Әкімшілік Кәсіподақ комитеті	
23.	Колледжде білім алып жатырған өзге ұлт өкілдері студент жастарын біріктірген «Достық-Дружба» интернационалдық студенттік клубтың жұмысын жандандыру	үнемі	«Достық-Дружба» интернационалдық студенттік клуб жетекшісі және белсенді мүшелері	
24.	Оқу топтары кураторларының баспасөз құралдарын тәрбиелік шараларда пайдалануын ұйымдастыру	үнемі	Суйесинова А.Е. Қуантаева С.Қ.	
25.	Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу кешенді шараларын жүргізу	үнемі	Топ кураторлары Учаскелік инспектор «Жастар» комитеті	
26.	Студенттер арасында «Заң және мен» тақырыбында сауалнама өткізу және оны сараптау	қазан сәуір	Педагог-психолог Мажитова О.Р. Сқақова А.Д.	
27.	«Заң жөнінде не білесің?» құқықтану апталығын өткізу (семинар, конференция, дөңгелек үстел, диспут және т.б.)	ақпан	Әлеуметтік ізгілендіру пәндері циклы	
28.	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу	кесте бойынша	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
29.	Облыстық, қалалық деңгейде ұйымдастырылатын дөңгелек үстелдер, семинарларға белсене қатынасу	мерзімдік	.Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
30.	Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық, Әкімшілік, Қылмыстық және Бала құқығы туралы заңдарына негізгі заң актілерімен насихат жасау және оларға талдау жүргізу	үнемі	Оқу бөлімі Әлеуметтік - ізгілендіру пәндері циклы Топ кураторлары	
31.	Студенттердің сабаққа қатыстарын тексеру рейдін ұйымдастыру	апта сайын	Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары	
32.	«Жасөспірім», «Қамқорлық», «Қадағалау» және т.б. жастар арасындағы қылмыстың алдын алу кешенді шараларын жүргізу	кесте бойынша	Құқық бұзушылықтың алдын алу комис- сиясы мүшелері	
33.	Студенттер бойында өз әрекеттеріне жауапкершілікті, заңды құрметтеушілікті, сындарлы көзқарасты қалыптастыру	үнемі	Топ кураторлары Пән оқытушылары Құқық қорғау орган- дары қызметкерлері	
	Жасөспірімдер арасында қоғамға жат		Әкімшілік	

34.	қылықтарды анықтау мақсатында құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, «Жасөспірім» операциясы аясында рейдтер жүргізу	мерзімдік	Құқық қорғау органдары қызметкерлері Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
35.	Студенттерді шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу мақсатында емтихан сессияларында «Парасыз сессия» акциясын өткізу, «Сенім жәшігі» (үнемі)	I - II оқу семестрлері	Колледж әкімшілігі «Жас мамандар» Кеңесі «Жастар» комитеті	

II. Рухани-адамгершілік тәрбие.

III. Ұлттық тәрбие.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруға болжайды. Рухани адамгершілік құндылықтар мен білім жүйесін дамытып қалыптастыру. Кәсіптік және адамгершілік әдептерге байланысты білімдерді оқу, өндірістік және қоғамдық іс әрекеттерді іске асыру.

Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру тәртіп қағидасын анықтайды, құндылықтар жүйесін, нормаларды нақтылайды және шығармашылық қызметте өзінің дербестігін көрсетуде қарым-қатынасты ұйымдастыруға, байланысты орнатуға, оларды дамытуға, келісуге, тәртіпке келтіруге және түзетуге көмек береді.

1.	Жаңадан оқуған қабылданған оқу топтары студенттерін колледж тарихымен, стратегиялық саясатымен таныстыру	қыркүйек	Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
2.	Оқу кабинеттері мен лабораториялардың жұмыс кестесімен және оларды пайдалану ережелерімен таныстыру	қыркүйек	Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
3.	«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты бағыттарын оқу топтарына түсіндіру	қыркүйек	Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
4.	«Ұрпақтар сабақтастығы» ата-аналармен жұмыс	үнемі	Топ кураторлары Ата-аналар комитеті	
5.	Ұлы Отан Соғысы және еңбек ардагерлерімен кездесу	қазан мамыр	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
6.	«Интернационалистер арамызда» айдарымен оқу топтарында интернационалист-жауынгерлермен кездесу ұйымдастыру	ақпан	Губайдуллин Д.С. Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
7.	Облыс территориясында орналасқан шетел компаниялары мамандарымен кездесу ұйымдастыру	қараша	Уразалиева Г.С. Махамбетова А.М.	
8.	«Ана тілім-ұлтымның мақтанышы» тақырыпты жаңа оқу топтары арасында шығарма жазу	қыркүйек	Қабдрахманова Ж.Т. Нұғмарова А.К. Халелова Қ.П.	
9.	«Өз-өзіңді таны» тақырыбына сауалнама жүргізу	қазан	Нұғмарова А.К. Тауманова Ж.Б.	
10.	«Өмір, қымбатсың маған!» атты психологиялық тренинг. Әңгімелесу	қараша	Педагог-психолог Топ кураторлары	
11.	Атырау облыстық Білім беру басқармасы, облыстық Ішкі саясат басқармасымен байланыста болу	Үнемі	Әкімшілік Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
12.	Қазақстан халқының Тілдері күні мерекесіне арналған апталық («қазақ»,	қыркүйек	Қабдрахманова Ж.Т. Дабысова С.Қ.	

	«орыс» және «шет тілі») өткізу		Махамбетова А.М.	
13.	Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын ой-пікірлесу сағаты	сәуір	Қуантаева С.Қ. Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
14.	Туған өлке, Тәуелсіз мемлекет өмір-тарихынан конкурстар мен кештер (өңіріміздің тарихи ескерткіштері, белгілі тұлғалары туралы және т.б.)	қазан	Топ кураторлары Пән оқытушылары «Жастар» комитеті Топ белсенділері	
15.	Ақындар, жазушылар, ағартушылардың шығармашылық еңбек жолдарынан тәрбие сағаттары	атаулы күндер	Қуантаева С.Қ. Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
16.	«Атыяулы мерекелер арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» кездесу, пікір алмасу	қараша наурыз	Әкімшілік Педагог-психолог «Жастар» комитеті	
17.	«Жанұя – колледж – орта» бағытындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және жүйелі бақылау	үнемі	Топ кураторлары Топтың ата-аналар кеңесі	
18.	«Менің достарым» педагог-психологпен сұхбат, тренинг ұйымдастыру	қыркүйек қазан	Педагог-психолог Топ кураторлары	
19.	Студент жастардың мамандықтарына сәйкес кәсіби дағдыларын меңгеруде өндіріс орындарының алар орны	кесте бойынша	Пән оқытушылары өндірістік практика жетекшілері	
20.	Өндірістік мекеме өкілдерінің қатысуымен Өндірістік, технологиялық, дипломалды практика нәтижесімен қорытынды конференциялар өткізу	өндірістік-тәжірибе кестесі	Директордың оқу-өндірістік практика жөніндегі орынбасары	
21.	Әрбір мамандықтың озық технологиялық жетістіктерімен студент жастарды таныстыру (өндірістік саяхат, көрме, семинар, дөңгелек үстел)	кесте бойынша	Оқу бөлімі Пән оқытушылары Практика жетекшілері	
22.	«Теориялық білім мен өндірістік тәжірибе», «Дуалдық оқыту жүйесі» тақырыбында сауалнама жүргізу	семестр сайын	Пән оқытушылары Практика жетекшілері	
23.	Колледжі түлектерінің (мамандар) қатысуымен «Мамандығым мақтанышым» атты кездесу кешін өткізу	кесте бойынша	Оқу бөлімі Пән оқытушылары «Жастар» комитеті	
24.	Колледжді бітірген түлектердің мансаптық өсуін анықтап, қадағалау	үнемі	Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары	
25.	«Білікті маман – кәсіби шебер» тақырыбында жоғары курс студенттерімен кездесу өткізу	кесте бойынша	Пән оқытушылары «Жастар» комитеті	
26.	«Өмірлік тәжірибе - өмір мектебі» тақырыбымен еңбек ардагерлерімен оқу топтарында кездесулер ұйымдастыру	қазан	Кәсіподақ комитеті «Жастар» комитеті	
27.	«Шығармашыл студент жастардың ізденісі» тақырыпты көрме ұйымдастыру	сәуір-мамыр	Қуантаева С.Қ. Үйірме жетекшілері	

IV. Отбасы тәрбиесі.

Отбасы тәрбиесі адамдар арасындағы оңтайлы және эмоционалды көңіл-күй қарым-қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік-тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналады. Қазақстандық қоғамның жалпы сұранысы және халық дәстүрлері, әлемдік және ұлттық

мәдениет негізінде құрылған жастарды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлау бірінші қатарға қойылады. Тәрбиеленушілердің санасында дәстүрлі ұлттық және моралдық құндылықтар жандандыру отбасы негізінде қалыптастыруды ұялату.

1.	Колледждің ата-аналар кеңесінің ұйымдастыруымен жылына 2 рет колледж директорының оқу бөлімдерінің ата-аналарымен кездесуі	Қаңтар, маусым	Қабдолов Қ.Т. Ата-аналар кеңесінің төрағасы (төрайымы) Бөлім меңгерушілері	
2.	Колледждің педагог-психологы, әлеуметтік педагогымен бірігіп ұйымдастырылатын кешенді шаралар	үнемі	Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Топ кураторлары	
3.	Халықтың дәстүрлі отбасы тәрбиесін насихаттау шаралары	үнемі	Топ кураторлары Ата-аналар кеңесі	
4.	«Қамқорлық» қайырымдылық акциясын өткізу	атаулы күндер	Кәсіподақ комитеті Әлеуметтік педагог	
5.	Ата-аналардың сабаққа қатысу кестесін жүйелеу	Кесте бойынша	Оқу бөлімі Бөлім меңгерушілері	
6.	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, мүгедек, аз қамтылған жанұялардан шыққан студенттермен жұмыс жүргізу	үнемі	Әкімшілік Кәсіподақ комитеті Бөлім меңгерушілері Әлеуметтік педагог	
7.	1-маусым Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған қайырымдылық акциясы	маусым	Әкімшілік Кәсіподақ комитеті «Жастар» комитеті	
8.	Студенттер арасында қарт, жалғыз ілікті адамдарға, Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне қамқорлық жұмысын жалғастыру	үнемі	Әлеуметтік педагог Топ кураторлары Ата-аналар кеңесі «Жастар» комитеті	
9.	«Неке және отбасы» құқықтық пікірталас	үнемі	Педагог-психолог Топ кураторлары	
10.	«Әдептілікті үйреніп, арсыздықтан арылу» айдарымен студенттер арасында сауалнама жүргізу	үнемі	Педагог-психолог Әлеуметтік педагог «Жастар» комитеті	
11.	Әрбір оқу тобында ата-аналар жиналысын өткізу	кесте бойынша	Топ кураторлары Ата-аналар комитеті	
12.	Ата-аналар комитетінің жұмысы	Ай сайын	Ата-аналар кеңесінің төрағасы (төрайымы)	
13.	Колледж жатақханасында ұйымдастырылатын тәрбиелік шаралар	Апта сайын	Жумагалиева Н.А. Әлеуметтік педагог	

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Еңбек және экономикалық тәрбие жасөспірімдердің және жастардың өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын, еңбек қызметінің саналуан түрлеріне адалдықпен, шығармашылық және жауапкершілікпен қарап, ұжымда, топта жұмыс істей білу икемдігін қалыптастырады; адамның жеке шеберлік, белсенді және болмысымен беріліп іс әрекет жасау, қажетті ресурстарды жұмылдырып, істің мәнісін дұрыс бағалап, өз іс әрекетінің қажетсіз қалмауына мән беріп, олардың түпкілікті тиімділігін тиянақтап жаңа өндіріс және қоғам жасауды көздейді. Жастардың бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық ретінде қалыптастыру.

Әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру тұлғалық қасиет (әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық) әлеуметтік қарым – қатынас жүйесінде өзіне тән тәртіп стилі, шығармашылық пен дербестікті дамытуға, қоғамдағы өзгерістерден дереу және тез әсер алу, белсенді өмір ұстанымында болуға ықпал жасайды.

Өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру. Өзін-өзі тану жастарға қоршаған ортаны түсінуге, оған өзінің қатыстылығын саналы сезінуге, қоршаған ортаға өзінің көқарасын жалпы адамзаттық құндылық ұстанымында жүйелеу, өзінің өмірлік ұстанымын анықтауға көмек беру үшін қажет. Өзін-өзі тану өзін дамытудың, жеке тұлғаның дербес белсенділік көрсетуінің, өзінің қабілеті мен әлеуеттік мүмкіндігін ашудың қажетті шарты болып табылады. Адам – адам, адам – қоғам, адам – техника, адам – табиғат жүйесіне терең білім қалыптастыру. Өзін-өзі тану нәтижесінде адам өзінің дербес өсу және өзін-өзі жетілу қабілетіне ие болады. Сөйтіп, адам толысудың, өмір рахаты мен оның мәнін жете түсінеді.

Экологиялық тәрбие адамның бойына табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуын, табиғи ресурстардың жағдайына жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың олармен парасатты іс әрекеттерін болжайды. Экологиялық тәрбиенің негізі алдымен, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғауды, елімізде экологиялық жағдай туралы халықты ақпаратпен қамтамасыз етуді көздейді.

1.	«Еңбектің зейнеті, тынымсыз еңбек нәтижесі» тақырыбына пікірлесу	қазан	Топ кураторлары Еңбек ардагерлері	
2.	Колледжде оқу топтарына арналған кесте бойынша тазалық күндерін өткізу	жыл бойы	Избасаров Е.Х. Комендант	
3.	Колледжде «Тазалық айлығы» шараларын ұйымдастыру және өткізу	қазан сәуір	Избасаров Е.Х. Комендант	
4.	Оқытушылар арасында апталық кезекшілік ұйымдастыру	апта сайын	Бөлім меңгерушілері пәндік цикл комис.	
5.	Мамандыққа бейімдеу мақсатына Атыраудың өндіріс орындарына саяхат	тәжірибе жұмыстары	Пән оқытушылары Тәжірибе жетекшілері	
6.	«Нарықтық экономиканың ерекшеліктері» тақырыбына тәрбие сағаты	желтоқсан	Топ кураторлары Топ белсенділері	
7.	«Менің таңдаған мамандығым ерекше» тақырыбында кездесу кеші	қараша желтоқсан	Топ кураторлары Топ белсенділері	
8.	«Іскерлік пен кәсіпкерлік-нарық талабы» тақырыпты танымдық сағат (мамандармен кездесу)	сәуір	Әдістемелік кабинет Пән оқытушылары Өндіріс мамандары	
9.	«Атырау-мұнайлы өлке астанасы» өндіріс мамандары және бұрынғы колледжі түлектерімен кездесу	мамыр	Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары Колледж түлектері	
10.	Оқу кабинеттері мен зертханалардың тазалығын қадағалау	күнделікті	Кабинет, зертхана меңгерушілері	
11.	Оқу ғимаратындағы көріктендіру тақталарын күтіп ұстау	күнделікті	Колледжі ұстаздары, студенттер	
12.	Колледжі ауласын көгалдандыру және көшеттер мен ағаштарды күтіп, баптау	күнделікті	Комендант Жауапты тұлғалар	
13.	«Мұнайлы Астана - қазба байлық мекені» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	сәуір	Искалиева А.С. Экономикалық пәндер бірлестігі	
14.	«Жасыл ел», «Жас агро», «Құрылыс жасақтары» бағдарламасына сәйкес еңбек жасақтары жұмыстарын жүйелеу	сәуір - тамыз	Қабдолов Қ.Т. «Жастар» комитеті	
15.	«Менің қалаған мамандығым» пікір сайысы	қыркүйек	Топ кураторлары Топ белсенділері	
16.	«Кітапхана - білім мен студент арасындағы дәнекер» әңгіме өткізу	қыркүйек	Қуантаева С.Қ.	
17.	«Оқытудың дуальдық жүйесін» оқу процессіне енгізудің маңыздылығын студенттерге түсіндіру	үнемі	Топ кураторлары Пән оқытушылары Топ белсенділері	
	Жаңадан оқуға қабылданған оқу топта-		Әкімшілік	

18.	ры оқушыларын студенттік атақ дәрежеге көтеру салтанаты: техникалық, аграрлық, экономикалық бөлімдері	қазан	Рысқалиев Ж.Т. Удирова А.С.,	
19.	Бөлімдер бойынша студенттердің жиналысын өткізу	ай сайын	Бөлім меңгерушілері	
20.	«Қазақстанның болашағы – білімділер қолында» пресс-конференция	қазан	Искалиева А.С.	
21.	«Менің колледж туралы ойым» тақырыпты шығарма жазу	қараша	Қабдрахманова Ж.Т. Дабысова С.Қ.	
22.	«Колледждің болашағы туралы арман» тақырыпты ізденіс шығармасы	қараша	Нұғмарова А.К. Шанарова Г.Т.	
23.	«Атырау жұлдыздары» тақырыбымен өнер жұлдыздарымен кездесу кеші	мамыр	Өнер жұлдыздары «Жастар» комитеті	
24.	«Аграрка тарландары» КТК (КВН) командасын толықтыру	желтоқсан мамыр	«Жастар» комитеті Топ белсенділері	
25.	Бүгінгі студент, болашақ мамандар арасында «Менің мамандығым-мақтанышым» байқауы	мамыр	Пәндік цикл комиссиясы төрағасы (төрайымы)	
26.	Дәстүрлі «Ақ жол саған, жас маман!» тақырыпты колледжді бітіруші түлектерге диплом тапсыру салтанатты шарасы	наурыз маусым	Әкімшілік Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
27.	Жаңа 2018-2019 оқу жылына қабылданатын талапкерлерге «Ашық есік» күнін өткізу	мамыр маусым	Әкімшілік, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы	
28.	Студенттердің тәртібін қадағалау мақсатындағы арнайы рейдтер жүргізу	мерзімдік	«Жастар» комитеті Топ белсенділері	
29.	Студенттердің өз мамандығына деген қызығушылығын, дағдысын қалыптастыру, шығармашылық қабілеті бар студенттерді анықтап, олармен нақты жұмыс жасау	үнемі	Пәндік цикл комиссиясы төрағасы (төрайымы) Пән оқытушылары Топ кураторлары	
30.	«Колледж, мекеме, тәжірибе» тақырыбында 3-4 курс оқу топтары арасында конференция өткізу	мамыр маусым	Пәндік цикл комиссиясы төрағасы (төрайымы)	
31.	«Мен және колледж» тақырыбымен топ студенттері арасында «Ішкі тәртіп ережесінің» орындалуы туралы кездесу өткізу	үнемі	Әкімшілік Бөлім меңгерушілері Пән мұғалімдері Топ белсенділері	
32.	Оқу-тәрбие процесіне «Дуальдық оқыту жүйесін» белсенді енгізу және тиімділігін арттыру	үнемі	Ерғазиева А.А. Практика жетекшілері	
33.	«Мыңжылдық саңлақтары» тақырыпты көрме ұйымдастыру	қыркүйек- қараша	Топ кураторлары Топ белсенділері	
34.	«Тіршілік көзін аялай білейік» өндіріс мамандарымен және колледжді бітірген түлек-мамандармен кездесу	маусым	Бөлім меңгерушілері Пән оқытушылары	
35.	«Аяла туған өлке табиғатын» сурет көрмесі	сәуір- мамыр	«Қыл қалам шеберлері» үйірмесі	
36.	«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» тақырыбында студенттермен кездесу	наурыз – сәуір	«Жастар» комитеті Кәсіподақ комитеті	
37.	Колледж мұражайымен танысу	қыркүйек	Топ кураторлары	
38.	Студенттер бойында табиғатқа деген гуманистік көзқарасты қалыптастыру	үнемі	Пән оқытушылары Топ кураторлары	

39.	«Біз және қоршаған орта» тақырыпты апталық өткізу	мамыр маусым	Пән оқытушылары	
40.	«Экология және біз» тақырыбында конференция өткізу	маусым	Пән оқытушылары	
41.	«Таза жағалау» акциясына қатынасу	маусым	Пән оқытушылары	
42.	«Табиғат-тіршілік бесігі» қабырға газеттері көрмесі	мамыр маусым	«Жастар» комитеті Редколегия мүшелері	
43.	«Туған елдің байлығы» тақырыбымен ғылыми-интеллектуалды ойын ұйымдастыру	сәуір	Суйесинова А.Е. Тулебаева А.М. «Жастар» комитеті	
44.	Атырау қаласы бойынша өткізілетін санитарлық тазалық екі айлық сенбіліктеріне қатысу	екі айлық	Избасаров Е.Х. Комендант Топ кураторлары	
45.	Колледжі территориясын көгалдандыру жұмыстарын жалғастыру, жасыл желктерге күтім көрсету, колледждің оқу-тәжірибелік учаскесіндегі жұмыстар	мерзімдік	Комендант Хабиденов С.И. «Жасыл ел» еңбек жасақтары мүшелері	
46.	«Тіршілік көзін аялай білейік» өндіріс мамандарымен және колледжі бітірген түлек-мамандармен кездесу	маусым	Бөлім меңгерушілері Пән оқытушылары «Жастар» комитеті	
47.	«5-маусым Бүкілдүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні» облыстық экология басқармасы ұйымдастырған шараларға қатысу (сенбіліктер, акциялар, сазды бағдарламалар)	маусым	Әкімшілік Пән оқытушылары	
48.	«Статистика және деректер» тақырыбында конференция өткізу	сәуір	Пән оқытушылары	
49.	Жерді қорғау күнін өткізу	наурыз	Пән оқытушылары	
50.	«Каспий теңізінің экологиясы» тақырыбымен дөңгелек үстел ұйымдастыру	мамыр	«Эколог» үйірмесі	
51.	«Каспий табиғаты», «Глобус» және т.б. қоғамдық бірлестіктер мүшелерімен кездесу	наурыз маусым	Пән оқытушылары «Эколог» үйірмесінің мүшелері	
52.	«Экологияның қоршаған ортаға әсері» жоба қорғау, экологтармен кездесу	маусым	Пән оқытушылары	
53.	«Менің атаулы ағашым» акциясын өткізу	жылына 2 рет	«Эколог» үйірмесінің мүшелері	

VI. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Кәсіби-шығармашылық тәрбие кәсіби және жеке құзыреттілік көзінің мәнін қалыптастыруды (арнайы, профилды, коммуникативті, әлеуметтік, интеллектуалды, ақпараттық, дербес) және т.б. қосымшаларын білуін, білім алушылардың дәстүрлі және кәсіби қауымдастық құндылықтарын игеруін, ұжымдық мәдениет пен кәсіби әдеп нормаларын сақтауын болжайды.

1.	Күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған қажетті материалдарды оқу топтары арасында насихаттау	апта сайын	Пән оқытушылары Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
2.	«Ізденімпаз студент - шебер маман» тақырыбында шығармашылық үйірмелерінің өнімдерінен көрме жасақтау	сәуір-маусым	Бөлім меңгерушілері Үйірме жетекшілері	
3.	«Жүрек жылуы» акция	мамыр	«Жастар» комитеті	

4.	«Ізденгіш студент-білікті маман» дебат	сәуір	«Болашақ» дебат клубы	
5.	«Болашақ» дебат клубының жұмысын жүйелеу	ай сайын	Жұмабай Б.Н. «Жастар» комитеті	
6.	«Дарын» көркемсөз оқу шеберлерінің жұмысын жандандыру	ай сайын	Наурзбаев А.А. «Жастар» комитеті	
7.	Колледжге жаңа қабылданған оқу топтары студенттерінің бейімделу кезеңі	қыркүйек	Әкімшілік Бөлім меңгерушілері Топ кураторлары	
8.	Колледжге жаңа қабылданған оқу топтары студенттерін оқу ғимараттарымен таныстыру	қыркүйек	Топ кураторлары «Жастар» комитеті Топ белсенділері	
9.	«Мектеп пен колледж» таныстыру сағаты	қыркүйек	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
10.	Төменгі және жоғарғы курс оқу топтары арасындағы кездесулер	қараша	«Жастар» комитеті Топ белсенділері	
11.	«Ғылым мен техника әлеміне саяхат» танымдық сағаты	сәуір	Техникалық шығармашылық кабинеті	
12.	«Аға буын өкілдерінің жастар ортасына тәлімі» тәрбие сағаты (колледж ардагерлерімен кездесу)	қазан	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
13.	Студент жастардың қабілетіне қарай шығармашылық үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысуын ұйымдастыру және нақты нәтижеге жеткізу (конкурстар, жарыстар және т.б.)	Кесте бойынша	Пәндік цикл комиссиясы төрағасы (төрайымы) Үйірме және секция жетекшілері	
14.	«Сарайшық» тарихи кешеніне саяхат ұйымдастыру	кесте бойынша	Топ кураторлары Ата-аналар кеңесі	
15.	Облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат жасау	кесте бойынша	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
16.	Облыстық Ш.Сариев атындағы өнер мұражайына саяхат ұйымдастыру	кесте бойынша	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
17.	Ұлттық спорт ойындарынан жарыс өткізу	кесте бойынша	Түлегенов Р.Қ. Хабиденов С.И.	
18.	Н.Ажығалиев атындағы шығармашылық үйірмесінің жұмысын жалғастыру	кесте бойынша	Нұғмарова А.К. Үйірме мүшелері	

VII. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Эстетикалық тәрбие рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы, халықтар мен дәуірдің көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы анағұрлым жоғары сана-сезім, тұжырымдамалы ойлауға қабілет, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметімен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынаста қалыптастыру.

Интеллектуальді мәдениетті дамыту білім алушылардың белсенді ойлау қызметінің дамуын, негізгі құндылықтарды және осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту.

1.	«Жанымды жырмен тербеткен» ақын-жазушылардың шығармаларынан поэзиялық кеш ұйымдастыру	атаулы күндер	Қазақ, орыс және ағылшын тілдері пән мұғалімдері	
----	---	---------------	--	--

2.	«Халқымызда қазына бар ән-жыр деген» оқу топтарындағы өнер кеші	Қазан	Топ кураторлары Топ белсенділері	
3.	Студенттерді шығармашылық клубтар, үйірмелер, спорттық секцияларға тарту	Үнемі	Клуб меңгерушілері Үйірме жетекшілері	
4.	Жаңа оқу топтары арасында «Жас қанат-2018» дәстүрлі байқауды өткізу	қараша	Топ кураторлары «Жастар» комитеті	
5.	Атаулы күндерге арналған қабырға газеттері көрмесін ұйымдастыру	атаулы күндерге	Топ кураторлары Редколегия мүшелері	
6.	«Әсемдік пен талғамдық» тақырыбына арналған тәрбие сағаты	сәуір	Топ кураторлары Топ белсенділері	
7.	Атырау қаласының көрнекті жерлеріне саяхат	үнемі	Топ кураторлары Топ белсенділері	
8.	Облыстық, қалалық деңгейдегі өткізілетін мәдени-шығармашылық сайыстарға қатысу	мерзімдік	«Жастар» комитеті	
9.	Колледжі ішін, сыртын, оқу кабинеттері, зертханаларын әсемдік талғаммен безендіру жұмыстарын ұйымдастыру	жыл бойы	Әкімшілік Кабинет, зертхана меңгерушілері	
10.	Колледжі қабырғасында өткізілетін мәдени-көпшілік шараларды сазды бағдарламамен көркемдеу	жыл бойы	«Жастар» комитеті Үйірме жетекшілері	
11.	Облыстың тарихи маңызды жерлеріне саяхат ұйымдастыру	кесте бойынша	Топ кураторлары Топ белсенділері	
12.	«Көркем-эстетикалық, би, ән, саз, драма, бейнелеу» үйірмелерінің жұмысын жандандыру	кесте бойынша	Үйірме жетекшілері «Жастар» комитеті	
13.	Облыстық білім беру мекемелері арасындағы өткізілетін «Студенттік көктем» байқауына дайындық	қазан-сәуір	«Жастар» комитеті Үйірме жетекшілері	
14.	«Өнерлі өрге жүзер» тақырыбымен колледж мұғалімдері мен қызметкерлері арасында өнер сайысы	қараша	Әкімшілік Кәсіподақ комитеті	
15.	«Студенттік көктем-2018» фестивалі, КТК (КВН) - «Жайдарман» ойындары	сәуір	«Жастар» комитеті Топ белсенділері	
16.	«Білікті мыңды жығады» тақырыпты және басқа да еркін тақырыптарға «Болашақ» пікір-сайыс клубының мәжілісі	қазан	«Жастар» комитеті «Болашақ» пікір-сайыс клубының мүшелері	
17.	Дарынды студенттер жобалары: «IREX» жоба қорғау	сәуір	«Жастар» комитеті	
18.	Жаңа оқуға қабылданған студент жастар ортасынан қоғамдық жұмыс белсенділерін анықтау	қыркүйек	«Жастар» комитеті Топ кураторлары Топ белсенділері	
19.	«Жастар» комитеті жиналысын жүйелі өткізу (апта сайын)	дүйсенбі	Жұмабай Б.Н.	
20.	Топ старосталарының жиналысын кестеге сәйкес өткізу (апта сайын)	сейсенбі	Жұмабай Б.Н.	
21.	«Колледж – мекеме - колледж» өндірістік тәжірибені дамыту	кесте бойынша	Практика жетекшілері «Жастар» комитеті	
22.	«Менің таза аулам» тақырыпты колледж территориясын көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру	қараша сәуір	Суйесинова А.Е. Елемесова А.Қ. «Жастар» комитеті	
	Атырау қаласы бойынша ұйымдасты-		Суйесинова А.Е.	

23.	рылатын мәдени-көпшілік шараларға студент жастардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету	атаулы күндер	Мұхамбеталиев Е.Т. Тулегенов Р.Қ. «Жастар» комитеті	
24.	Студент жастардың кітапхана қорын тиімді пайдалануын ұйымдастыру	үнемі	Қуантаева С.Қ. Кітапханашы	
25.	«Кәсіби білім - өндірістік тәжірибе» тақырыбымен жоғарғы курс студенттері арасында конференция өткізу	желтоқсан мамыр	Директордың оқу-өндірістік практика жөніндегі орынбасары	
26.	Оқу топтары студенттеріне әрбір мамандықтың ерекшеліктерін (біліктілігі, дағдысы, қабілеті) нақты деректермен түсіндіру	қыркүйек қазан	Бөлім меңгерушілері Пән оқытушылары Топ кураторлары «Жастар» комитеті	

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін алауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру мақсатын қояды. Оны іске асыруға алдын алушылық білімі кіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы, сондай-ақ, тәрбиеленушілерді саналуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық және ақпараттық түсіндіруші жұмыс барысында жүзеге асырылады.

1.	«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне» арналған «Дені саудың –жаны сау» тақырыпты спорт апталығы	желтоқсан	Төлегенов Р.Қ. Қырықбаева Р.М. Хабиденов С.И. Берниязов А.А.	
2.	Колледжде «Президенттік сынама-баршамызға» бағдарламасы бойынша жұмыстарды жалғастыру	жыл бойы	Төлегенов Р.Қ. Қырықбаева Р.М. Хабиденов С.И.	
3.	Студенттерді спорт секцияларына, спорт клубтарына тарту	үнемі	Секция және клуб жетекшілері	
4.	Студенттер бойында шылым шегу, токсикалық заттарды қолдану, ішімдік ішуге және нашакорлыққа төзбеу қасиеттерін қалыптастыру	үнемі	Пән оқытушылары Топ кураторлары Маразбаева О.С. Әлеуметтік педагог	
5.	Салауатты өмір салтын насихаттау	үнемі	Маразбаева О.С. Пән оқытушылары	
6.	«Біз, Мәңгілік ел ұландарымыз» тақырыбымен ұлтық ойын түрлерін насихаттау және жарыс өткізу	үнемі	Пән оқытушылары «Жастар» спорт клубы мүшелері	
7.	«Тәннің саулығы өз қолымызда» ЖҚТБ-ға қарсы және оны алдын алу мәселесі бойынша ашық әңгіме жүргізу	желтоқсан мерзімдік	Маразбаева О.С. ЖҚТБ-ға қарсы күрес орталығының дәрігерлері	
8.	Дене шынықтырудың денсаулыққа пайдасы, қоғамдық және бас гигиенасы туралы дәрігерлер кеңесі	кесте бойынша	Маразбаева О.С. № 3 емхана дәрігерлері	
9.	Президенттік сынама бойынша «Денсаулық» күнін өткізу	мамыр	Тулегенов Р.Қ. Хабиденов С.И.	
10.	Спортпен айналысу, таза ауада серуендеу, еңбек ету пайдасы туралы пікір-	мерзімдік	Әлеуметтік педагог Пән оқытушылары	

	лесу		Топ кураторлары	
11.	Туберкулез, тері ауруы т.б. жұқпалы ауруларды жұқтыру жолы темекі екендігін түсіндіру	үнемі	Маразбаева О.С. Әлеуметтік педагог Пән оқытушылары	
12.	Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындары арасында өткізілетін спартакиадаға қатынасу	мерзімдік	Төлегенов Р.Қ. Қырықбаева Р.М. Хабиденов С.И.	
13.	Колледжде ұйымдастырылған спорт секциялары жұмыстарын жандандыру	жыл бойы кестемен	Қоғамдық жаттықтырушылар	
14.	«Жарыс алаңы шақырады» спорт түрлерінен жарыстар	жыл бойы кесте бойынша	Төлегенов Р.Қ. Қырықбаева Р.М. Хабиденов С.И.	
15.	1-маусым балаларды қорғау күніне арналған спорттық жарыстар	маусым	«Жастар» спорт клубы	
16.	«Денсаулық - еңбекқорлық кепілі» тақырыбымен колледж мұғалімдері мен қызметкерлері арасында «Денсаулық күндерін өткізу»	Екі ай сайын	Төлегенов Р.Қ. Қырықбаева Р.М. Хабиденов С.И. Әдістемелік кабинет	
17.	«Біз терроризм мен діни экстремизмге қарсымыз» дөңгелек үстел, акция	ақпан	Педагог-психолог «Жастар» комитеті	
18.	«Есірткімен күрес және темекісіз күн» дөңгелек үстел, акция	март	Наркологиялық бекет Педагог-психолог	
19.	Әлемдік, халықаралық дәрежедегі өткізілетін спорттық жарыстарды насихаттау	үнемі	Пән оқытушылары «Жастар» спорт клубы	
20.	Әлемдік, халықаралық, республикалық, облыстық, спорттық жарыстарға қатысатын студенттермен жұмыс	үнемі	Пән оқытушылары «Жастар» спорт клубы	